

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ**

**Каржылық есептілік**

*2015 жылғы 31 жеселтөксанды аяқталған жыл үшін*

## **МАЗМУНЫ**

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

### **Қаржылық есептілік**

Қаржылық жағдай туралы есеп .....	1
Жынтық кіріс туралы есеп .....	2
Ақша қаржатының қозғалысы туралы есеп .....	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп .....	5
Қаржылық есептілікке ескертпелер .....	6-32

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның акционері мен басшылығына

Біз «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания») қоса беріліп отырған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп және көрсетілген қынге аяқталған жыл үшін ақша қаржатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспекттері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірмे ақпарат жатады.

### *Басшылықтың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі*

Компания басшылығы аталған қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайылығы үшін әрі басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бүрмалануы жок қаржылық есептілікті жасау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

### *Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген аудиттің негізінде бұл қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру болып табылады. Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар бізден этикалық нормаларды орындауызды, сондай-ақ қаржылық есептілік елеулі бүрмалануларды қамтываемындығына жеткілікті болатын сенімділікке ие болатындей етіп аудитті жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке қаржылық есептілікте сандық көрсеткіштерді растайтын аудиторлық дәлелдерді алуға және онда ақпараттың ашылып көрсетілуіне бағытталған процедураларды жүргізу кіреді. Процедураларды тандау аудитор пайымдауының мәні болып табылады, әрі оған шынайы емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан жол берілген қаржылық есептілікті елеулі бүрмалану тәуекелін бағалау кіреді. Бұл тәуекелді бағалау процесінде аудитор үйімің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, тиісті аудиторлық процедураларды тандау мақсатында қаржылық есептіліктің жасалуын және шынайылығын қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Сондай-ақ аудит қолданылатын есеп саясатының лайықты сипаты мен басшылық алған бағалау көрсеткіштерінің негізділігін бағалауды, сондай-ақ тұтас қаржылық есептіліктің берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты негіздерді білдіреді деп санаймыз.

**Пікір**

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік барлық маңызды қатынастарда 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаржатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.


*Ernst & Young LLP*



Александр Назаркулов  
Аудитор / аудит жөніндегі партнер

Аудитордың 2012 жылғы 6 қаңтардағы  
№ МФ-0000059 біліктілік күәлігі

2016 жылғы 22 сәуір



Евгений Жемалетдинов  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында  
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2,  
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы  
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

<u>Мың тәңгемен</u>	<u>Ескерт.</u>	<u>31 желтоқсанда</u>	
		<u>2015 жыл</u>	<u>2014 жыл</u>
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	5	<b>5.102.405</b>	5.237.907
Материалдық емес активтер	6	<b>412.888</b>	626.017
Келешек кезеңдердің шығыстары	8	<b>49.952</b>	132.659
Ұзақ мерзімді сауда дебиторлық берешек	10	<b>175</b>	9.651.412
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		<b>3.981</b>	7.962
		<b>5.569.401</b>	<b>15.655.957</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Корлар	9	<b>64.957</b>	99.110
Сауда дебиторлық берешек	10	<b>4.861.870</b>	52.189
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		<b>2.023</b>	130.169
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем		<b>22.038</b>	4.568
Берілген аванстар		<b>6.258</b>	10.047
Басқа да ағымдағы қаржы активтері	11	<b>67.601</b>	382.344
Басқа да ағымдағы активтер	12	<b>208.000</b>	181.304
Банктік салымдар	7	<b>3.445.404</b>	2.363.405
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13	<b>85.247</b>	334.239
		<b>8.763.398</b>	<b>3.557.375</b>
<b>Активтер жиыны</b>		<b>14.332.799</b>	<b>19.213.332</b>
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	14	<b>5.082.490</b>	5.082.490
Резервтік капитал	14	<b>91.511</b>	91.511
Бөлінбекен пайда		<b>3.133.945</b>	2.671.010
<b>Капитал жиыны</b>		<b>8.307.946</b>	<b>7.845.011</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттеме	24	<b>209.744</b>	150.856
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	15	<b>37.151</b>	74.303
Ұзақ мерзімді сауда кредиторлық берешек	16	<b>—</b>	<b>8.782.272</b>
		<b>246.895</b>	<b>9.007.431</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Сауда кредиторлық берешек	16	<b>5.014.951</b>	1.813.627
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	15	<b>40.521</b>	42.206
Телеуге ҚҚС		<b>382.134</b>	129.098
Жұмыскерлердің алдындағы берешек	17	<b>239.494</b>	215.649
Алынған аванстар		<b>14.975</b>	17.505
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	18	<b>85.883</b>	142.805
		<b>5.777.958</b>	<b>2.360.890</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>14.332.799</b>	<b>19.213.332</b>

Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

*A.H. Анисов*Басқарма Төрағасының пайдалану және өндірілік кызмет кореспонденцияның  
жөніндегі орынбасары*Н.А. Чернооков*

Қаржы директоры – бас бухгалтер

*Л.Н. Легказ*6-32 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болігі болып  
табылады.*Анисов А.С.*


ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

<u>Мың тенгемен</u>	<u>Ескерт.</u>	<u>31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</u>	<u>2015 жыл</u>	<u>2014 жыл</u>
Тұсім	19	10.532.812	10.457.641	
Сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	20	(8.639.699)	(8.283.728)	
<b>Жалпы пайда</b>		<b>1.893.113</b>	<b>2.173.913</b>	
Әкімшілік шығыстар	21	(741.809)	(775.326)	
Өткізу бойынша шығыстар	22	(24.199)	(50.614)	
Басқа да кірістер		17.196	15.858	
Басқа да шығыстар		(12.436)	(3.784)	
<b>Операциялық табыс</b>		<b>1.131.865</b>	<b>1.360.047</b>	
Он/(теріс) багамдық айырма, нетто		88.577	(7.748)	
Каржылық кірістер	23	144.567	96.646	
Каржылық шығыстар		(6.117)	(8.717)	
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>1.358.892</b>	<b>1.440.228</b>	
Табыс салығы бойынша шығыстар	24	(295.957)	(317.568)	
<b>Бір жылғы пайда</b>		<b>1.062.935</b>	<b>1.122.660</b>	
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>				
<b>Өзге жиынтық кіріс</b>				
<b>Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны!</b>		<b>1.062.935</b>	<b>1.122.660</b>	

Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

*A.H. Анистров*

Басқарма Төрағасының пайдалану және меморандумдар жөніндегі орынбасары

*B.G. Чернооков*

Каржы директоры – бас бухгалтер

*Л.Н. Легкая*

6-32 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

*Анисимов А. С.*

АҚША ҚАРАЖАТАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың тенге	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2015 жыл	2014 жыл
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Салық салынғанға дейінгі пайда		1.358.892	1.440.228
<b>Мыналарға түзетулер:</b>			
Тозу және амортизация	20.21	888.256	748.943
Келешек кезеңдер шығыстарының амортизациясы	8	356.661	65.268
Пайдаланылмаган демалыстар, сыйлықақылар мен соларға байланысты салықтар бойынша резервті есептеу	20, 21	208.449	159.619
Күмәнді дебиторлық берешек пен берілген аванстардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу		—	49.504
Өтпейтін қорлар бойынша резервті есептеу	9	15.677	—
Өтпейтін қорлар бойынша резервті есептеген шығару	9	(765)	—
Қаржылық кірістер	23	(144.567)	(96.646)
Қаржылық шығыстар		6.117	8.717
Материалдық емес активтерді есептеген шығару	6	26.720	—
Өткізілмеген бағамдық айырма		(86.623)	—
<b>Басқа да түзетулер</b>		7.800	—
		2.636.617	2.375.633
<b>Корлардағы өзгеріс</b>			
Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер		19.241	(50.169)
Салықтар бойынша алдын ала төлемдегі өзгеріс		4.841.556	(14.921)
Берілген аванстардағы өзгеріс		(9.341)	1.013
Басқа да ағымдағы қаржы активтеріндегі, басқа да ұзақ мерзімді және ағымдағы активтердегі өзгеріс		3.789	1.216
Төленуге жататын ҚҚС-тегі өзгерістер		9.347	(161.296)
Кредиторлық берешектегі өзгеріс		257.016	(259.964)
Қызыметкерлердің алдындағы берешектегі өзгеріс		(4.547.052)	105.955
Басқа да ағымдағы міндеттемелер мен алынған аванстардағы өзгеріс		(184.604)	(197.942)
<b>Төленген табыс салығы</b>		(59.452)	(17.640)
<b>Төленген сыйақы</b>		2.967.117	1.781.885
<b>Алынған сыйақы</b>			
<b>Операциялық қызметтен таза түсүі</b>		3.090.420	1.669.762
<b>Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары</b>			
Банк салымдарын орналастыру		(8.635.473)	(6.061.412)
Банк салымдарын алу		7.530.863	6.373.077
Негізгі құраптарды сатып алу		(1.600.732)	(1.917.812)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(7.311)	(232.517)
Келешек кезеңдердің шығыстары бойынша шығындар	8	—	(59.955)
Әзірлеу шығындары	6	—	(28.243)
<b>Қызыметкерлерге берілген қарыздарды өтеу</b>		4.747	6.359
<b>Инвестициялық қызметте таза пайдаланылуы</b>		(2.707.906)	(1.920.503)

6-32 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫң ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

Мын төңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2015 жыл	2014 жыл
<b>Қаржылық қызметтөн түскен ақша ағындары</b>			
Акцияларды шығару	14	—	1.053.000
Каржылық жал бойынша міндеттемелерді төлеу	15	(37.151)	(37.151)
Төленген дивидендтер	14	(600.000)	(500.000)
<b>Каржылық қызметтөн түскен таза (пайдаланылуы)/түсүі</b>		<b>(637.151)</b>	<b>515.849</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгерүі</b>		<b>(254.637)</b>	<b>265.108</b>
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша оң бағамдық айырма		5.645	—
<b>1 қантарға ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		<b>334.239</b>	<b>69.131</b>
<b>31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>13</b>	<b>85.247</b>	<b>334.239</b>

**АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – АҚПАРАТТЫ ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ**

2015 жылы негізгі күралдардың сатып алынуы 1.033.896 мың тенге сомасына (2014-жылы: 418.729 мың тенге) негізгі күралдарды сатып алу бойынша кредиторлық берешектің ұлғаюна түзетілді.

Басқарма Төрагасының бірінші орынбасары





A.N. Anisimov

Басқарма Төрагасының пайдалану және өндірілк қызмет көрсету жөніндегі орынбасары



V.G. Chernookov

Қаржы директоры – бас бухгалтер



L.N. Legkaya

6-32 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың тәңгемен	Ескерт.	Жарғылыш капитал	Резервтік капитал	Бөлінбекен пайда	Жынысы
<b>2014 жылдың 1 қаңтарына</b>		4.029.490	91.511	2.048.350	6.169.351
Бір жылғы пайда		—	—	1.122.660	1.122.660
Басқа да жиынтық кіріс		—	—	—	—
<b>Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>		—	—	1.122.660	1.122.660
Акцияларды шығару		1.053.000	—	—	1.053.000
<b>Дивидендтер</b>	<b>14</b>	—	—	(500.000)	(500.000)
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>		5.082.490	91.511	2.671.010	7.845.011
Бір жылғы пайда		—	—	1.062.935	1.062.935
Басқа да жиынтық кіріс		—	—	—	—
<b>Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>		—	—	1.062.935	1.062.935
<b>Дивидендтер</b>	<b>14</b>	—	—	(600.000)	(600.000)
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>		5.082.490	91.511	3.133.945	8.307.946

Баскарма Төрағасының бірінші орынбасары

*A.H. Анистров*

Баскарма Төрағасының пайдалану және өндірілген көзмет көрсеткішінде орынбасары

*B.G. Ярнооков*

Каржы директоры – бас бухгалтер

*Л.Н. Легкая*

6-32 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

*Анисимов А.С.*

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі № 492 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында құрылды. Компания «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Заңына сәйкес қайта ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі тағайындаған 9922-1901 АҚ нөмірімен 2004 жылғы 1 қазанда қайта тіркелді.

Компания Қазақстан Республикасының ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар саласында өз қызметін жүзеге асырады. Компанияның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру.

Компанияның жалғыз акционері «Зерде» Ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» АҚ (бұдан әрі «Акционер») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Акционердің жалғыз қатысушысы болып табылады. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Акционердің мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану күкігін жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Компанияның осы каржылық есептілігін шығаруға Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма Төрағасының пайдалану және өңірлік қызмет көрсету жөніндегі орынбасары, Қаржы директоры – Бас бухгалтер 2016 жылғы 22 сәуірде бекітті.

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУ НЕГІЗІ

Осы каржылық есептілік, есеп саясатында және осы каржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылған көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құнның негізінде әзірленді. Осы каржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталауды қоспағанда, мыңға дейін дөңгелектенген.

#### Сәйкестігі туралы мәлімдеме

Компанияның осы каржылық есептілігі Халықаралық каржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық каржылық есептілік стандарттарына (бұдан «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Каржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалауды жол берулерді қолдану каржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеледе ашылған.

#### Шетел валютасын қайта есептеу

Осы каржылық есептілік қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген. Теңге функционалдық валюта және осы каржылық есептілікті білдіру валютасы болып табылады.

Шетел валютасындағы операциялар алдымен есепті күнге қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы есепке қосылады. Әділ күн бойынша шетелдік валютада бағаланатын ақашалай емес баптар әділ күнды айқындау күніне қолданылатын бағамдар бойынша қайта есептеледі.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ

#### Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірuler

Қабылданған есеп саясаты, төменде келтірілген 2015 жылғы 1 қантарда күшіне енген жаңа немесе қайта қаралған стандарттарды қабылдауды қоспағанда, алдыңғы қаржы жылында қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді:

*19 XKEC-ке (IAS) түзетулер «Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: жұмыскерлердің жарналары»*

19 XKEC-ке (IAS) түзетулер белгіленген төлемдері бар бағдарламаларды есепке алу кезінде ұйым жұмыскерлер мен үшінші тұлғалардың тарағынан жарналарды назарға алуын талап етеді. Егер жарналар қызметтерді көрсетумен байланысты болса, олар теріс сыйақы ретінде қызмет көрсету кезеңдеріне жатқызылуы тиіс. Бұл түзетулер, егер жарна сомасы қызметтерді көрсету жылдарына тәуелді болмаса, ұйым мұндай жарналарды қызметтерді көрсету кезеңдеріне жатқызуудың орнына оларды тиісті қызметтер көрсетілген кезеңде қызмет құнының азаюы ретінде мойындаі алатындығын түсіндіреді.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИН ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірүлөр (жалғасы)

*19 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер «Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: жұмыскерлердің жарналары» (жалғасы)*

Мұндай түзету 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін құшіне енеді. Бұл түзету Компанияның қызметіне қолданылмайды, Компанияның жұмыскерлердің немесе үшінші тұлғалардың тарарапынан жарналарды көздейтін белгіленген төлемдері бар бағдарламалары жоқ.

*ХКЕС-тің жыл сайынғы жетілдірүлөр, кезеңі 2010-2012 жылдар*

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап құшіне енді және Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

ХКЕС-ті 2010-2012 жылдар кезеңдері үшін жыл сайынғы жетілдірудің шеңберінде, ХКЕС жөніндегі кеңес бес стандартқа бес түзетуді шығарды, оған қоса 2 ХКЕС (IFRS) «Акцияларга негізделген төлем», 3 ХКЕС (IFRS) «Бизнесі біріктіру», 8 ХКЕС (IFRS) «Операциялық сегменттер», 16 ХКЕС (IAS) «Негізгі құралдар», 38 ХКЕС (IAS) «Материалдық емес активтер» және 24 ХКЕС (IAS) «Байланысты тараپтар туралы ақпаратты аны».

Осылайша, бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне және/немесе есеп саясатына әсер етпеді.

*ХКЕС-тің жыл сайынғы жетілдірүлөр, кезеңі 2011-2013 жылдар*

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап құшіне енді және Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

ХКЕС-ті 2011-2013 жылдар кезеңдері үшін жыл сайынғы жетілдірудің шеңберінде, ХКЕС жөніндегі кеңес үш стандартқа үш түзетуді шығарды, оған қоса 3 ХКЕС (IFRS) «Бизнесі біріктіру», 13 ХКЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау» және 40 ХКЕС (IAS) «Инвестициялық мүлік».

Осылайша, бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне және/немесе есеп саясатына әсер етпеді.

**Шығарылған, бірақ әлі құшіне енбекен стандарттар**

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару қуніне шығарылған, бірақ құшіне енбекен стандарттар көлтіріледі. Тізімге Компания тұрғысынан келешекте қолданылған жағдайда ақпараттың ашылып көрсетілуіне, қаржылық жағдайна немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен түсіндірмелер қосылған. Компания осы стандарттарды олардың құшіне ену қунінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

*9 ХКЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»*

2014 жылғы шілдеде ХКЕС жөніндегі кеңес 9 ХКЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХКЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 ХКЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХКЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігінің басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу. 9 ХКЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты құшіне енеді, бұл ретте мерзімнен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады. Компания талап етілген құшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар (жалғасы)

*15 XKEC «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»*

15 XKEC (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды және клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін жаңа модельді көздейді. 15 XKEC-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқыкты ұйым клиентке тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады. Түсім бойынша жаңа стандарт XKEC-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын аудыстырады. XKEC жөніндегі Кеңес 2018 жылғы 1 қартаңдан басталатын жылдық кезеңдер үшін бір жылға күшіне ені күннен кейінгі қалдыратын түзетулермен жұмыс амалдарын аяқтағанин кейін немесе осы күннен кейін толық ретроспективті қолдану немесе түрлендірілген ретроспективті қолдану талап етіледі, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Компания талап етілген күшіне енгізу күннен бастап жаңа стандарттың толық ретроспективті қолданылу нұсқасын пайдалануды жоспарлап отыр. 2015 жылды Компания 15 XKEC-ті (IFRS) қолдану салдарын алдын ала бағалады, ері соның нәтижелері жалғасып отырған барынша толық талдаудың қорытындылары бойынша қайта қаралуы мүмкін. Сонымен бірге, Компания 2015 жылғы шілдеде құжаттың алдын ала нұсқасының шенберінде XKEC жөніндегі Кеңес шығарған түсіндірмелерді назарға алып, келешекте өзгерістерді қадағаларап отырады.

*16 XKEC-ке (IAS) және 38 XKEC-ке (IAS) «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерін түсіндіру» түзетулер*

Түзетулер 16 XKEC (IAS) және 38 XKEC (IAS) қагидаттарын түсіндіреді, олар түсім активті пайдаланушы шенберінде пайдаланылатын экономикалық пайданы емес, бизнес қызметтің (оның бір бөлігі актив болып табылады) нәтижесінде болатын экономикалық пайданың құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және материалдық емес активтерді амортизациялау үшін сирек жағдайларға ғана пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер 2016 жылғы 1 қартаңдан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде, ейткені Компания өзінің ұзақ мерзімді активтерін амортизациялау үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланбады.

*XKEC-тің жылдың жетілдірушылар, кезеңі 2012-2014 жылдар*

Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 қартаңдан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

XKEC-ті 2012-2014 жылдар кезеңдері үшін жыл сайынғы жетілдірудің шенберінде, XKEC жөніндегі кеңес алты стандартка алты түзетуді шығарды, оған қоса 5 XKEC (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет», 7 XKEC (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты анып көрсету», 19 XKEC (IAS) «Қызметкерлерге сыйақы», 34 XKEC (IAS) «Аралық қаржысының есептілік», 1 XKEC (IAS) «Ақпаратты анып көрсету аясындағы бастама» және 10 XKEC (IFRS), 12 XKEC (IFRS) және 28 XKEC (IAS) «Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан ерекшелікті қолдану» түзетулер.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылуы тиіс және 2016 жылғы 1 қартаңдан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған амортизация мен құнсыздандыу шегерे отырып, бастапқы құны бойынша (не болмаса шартты бастапқы құны бойынша) ескеріледі.

Сатып алынған негізгі құралдардың құны сатып алу немесе құрылыш бағасынан, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей қатысты кез келген шығындардан және қажет болғанда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төлеңген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрлінің әділ құны болып табылады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сиякты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайқты түрде амортизациялады. Сол сиякты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмысалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

Аяқталмаған құрылыш езіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаған құрылышын білдіреді. Аяқталмаған құрылышқа құрылыштың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Аяқталмаған құрылыш тиісті активтердің құрылышы аяқталмайынша және олар пайдалануға берілмейінше амортизацияланбайды.

Тозу келесі мерзімдерге жақындастырылған активтердің құнын тәң етіл есептен шығару әдісі бойынша есептеледі:

Фимараттар	40 жыл
Фимараттар	10-20 жыл
Машиналар мен жабдық	4-10 жыл
Көлік құралдары	5-7 жыл
Басқасы	3-10 жыл

Активтің баланстық құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және әдістер қажет болғанда әрбір қаржы жылышында соңына қайта қаралып, түзетіледі.

Негізгі құралдардың баланстық құны қандай да бір оқигалар немесе баланстық құнның өтелмейтіндігіне көрсететін жағдайларда өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қаралады. Негізгі құралдардың объектісін тану ол істен шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан не істен шығуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмейтін болса, тоқтатылады. Активті мойындауды тоқтату кезінде туындастырылған кірістер немесе шығыстар (шығарудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнның арасындағы айырмасы ретінде есептелген) активтің мойындалуы тоқтатылған есепті кезеңде жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, бастанқы құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге лицензиялар, компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен өзірлеу шығындары кіреді. Бөлек сатып алған материалдық емес активтер бастанқыда мойындалған кезде бастанқы құны бойынша бағаланады. Материалдық емес активтердің бастанқы құны жалпы төленген сома және активтерді сатып алу үшін ұсынылған кез келген басқа құралдардың әділ құны болып табылады.

Активтердің болжамжы пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және пайдалы қызмет ету мерзімдерін түзету қажет болғанда келесі кезеңдерде ескеріледі. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың және лицензияның болжамды пайдалы қызмет ету мерзімі 1-5 жылды құрайды.

Материалдық емес активтердің баланстық құны оқигалар немесе қазіргі жағдайдағы өзгерістері баланстық құн өтелеу мүмкін еместігін көрсеткен жағдайда құнсыздану мәніне қайта қаралады.

Материалдық емес активтерді танудың тоқтатылуынан болатын кіріс немесе шығыс активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің тенгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді және осы активті тану тоқтатылған кездегі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)**

#### **Материалдық емес активтер (жалғасы)**

##### *Зерттеу және өзірлеу шығындары*

Зерттеу шығындары олардың пайда болу шамасына қарай шығыстарға жатқызылады. Накты өнімді өзірлеу шығындарының нәтижесінде туындастын материалдық емес актив Компания келесіні көрсете алғанда ғана танылады:

- актив пайдалану немесе сату үшін қол жетімді болатында етіп материалдық емес активтің құрудың техникалық жүзеге асырылуын;
- материалдық емес активтің өзірленуін аяқтау және оны пайдалану немесе сату ниетін;
- материалдық емес актив келешек экономикалық пайданы құратындығы;
- өзірлеуді аяқтау үшін жеткілікті ресурстардың болуын;
- материалдық емес активті өзірлеу барысында соған қатысты шығындарды сенімді бағалай алу қабілетін;
- құрылған материалдық емес активті пайдалану қабілетін.

Материалдық емес актив ретінде өзірлеу шығындары бастапқы танылғаннан кейін активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Активтің амортизациясы актив пайдалануға дайын болғанда, өзірлеу аяқталғаннан кейін басталады және келешек экономикалық пайданы алудың болжамды кезеңінің ішінде жасалады. Амортизация өзіндік құн құрамында көрсетіледі. Өзірлеу кезеңінің ішінде актив жыл сайын құнсыздану мәніне тексеріледі.

#### **Келешек кезеңдердің шығыстары**

Операциялық жалдау талаптарында жалға алынатын үй-жайлар мен құрал-жабдықты жаңғыруту бойынша шығындар келешек кезеңдердің шығыстары ретінде танылады және активтің ең аз пайдалы қызмет ету мерзімінің және ең аз жалдау мерзімінің ішінде амортизацияланады. Ең аз мерзім ретінде күші жойылмайтын жалдау кезеңі қарастырылады. Бұл кезеңге Компанияның жалдау мерзімін ұзартуға сәзсіз құқығы кіреді.

#### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Компания әрбір есепті қунге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындаиды. Мұндай белгілер болғанда немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеруді орындау қажет болса, Компания активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшениң өтелетін құны (бұдан әрі «ААТБ») – келесі өлшемдердің ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ).

Өтелетін құн негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары тудыратын ағындардан төуелсіз ақша қараждының ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшениң баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталауды, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Есептеген шығаруға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер ескеріледі. Олар болмаған ретте бағалаудың тиісті үлгісі колданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады. Компания жекелеген активтер жататын Компанияның әрбір ААТБ үшін жеке өзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындаиды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзак мерзімді есім үрдістері есептеледі.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

#### Каржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Жалғасып отырған қызмет бойынша құнсызданудан болған залалдар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда) кайта бағалау ӨЖК құрамында танылған бұрынғы қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін коспағанда, құнсызданған актив қызметіне сәйкес келетін шығыстар санаты құрамындағы жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Мұндай жылжымайтын мүлік объектілері жағдайында құнсыздану залалы бұрын жасалған қайта бағалау сомаларының шегінде БЖК құрамында танылады.

Компания өрбір есепті қунға активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қыскаран екендігінің белгілері бар-жоғын айқындаиды. Егер мұндай белгі бар болса, Компания активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайдаған, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтындей етіп, сондай-ак сол бойынша осы актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған шығын мойындалмаған жағдайда танылатын амортизацияны шегерे отырып, баланстық құннан аспайтындей етіп шектелген. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Соңғы жағдайда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

#### Каржы активтері

##### *Бастапқы тану және бағалау*

39 ХБЕС-тің қолданылу аясындағы қаржы активтері пайда немесе зиян; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржы активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржы активтері бастапқыда инвестициялар болған жағдайда ұлғайтылған, мәміле бойынша сонымен тікелей байланысты шығындарға табыс не болмаса залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша мойындалады.

Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуі талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Компания өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Компанияның қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, банктердегі салымдар, сауда және басқа да дебиторлық берешек, пайдаланылуы шектелген депозит шоттарындағы ақша қаражаты кіреді.

##### *Кейінгі бағалау*

Қаржы активтерін одан кейін бағалау былайша оларды жіктеуге байланысты болады:

«Пайда немесе зиян арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына саудага арналған қаржы активтері және пайда немесе зиян арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа Компания шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 39 ХБЕС айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды құралдар жатады. Белгілінше өндірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар сондай-ак тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудага арналған деп жіктеледі. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері әділ құны бойынша қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, ал әділ құнның өзгерістері қаржылық кірістер мен қаржылық шығыстар құрамында мойындалады.

Компанияның пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы активтері жоқ.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржы активтері (жалғасы)

##### *Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Негізгі шарттарға ендірілген туынды құралдар, жекелеген туынды құралдар ретінде ескеріледі және егер оларға тән экономикалық сипаттамалар мен тәуекелдер негізгі шарттардың тәуекелдерімен және сипаттамаларымен тығыз байланысты болып табылмаса және осы негізгі шарттар саудаға арналмаса және табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп жіктелмесе, әділ құны бойынша көрсетіледі. Осы сияқты ендірілген туынды құралдар әділ құны бойынша бағаланады, ал олардың әділ құнының өзгеруі қаржылық кірістердің немесе қаржылық шығындардың құрамында есепте мойындалады. Есепке алу тәртібінің қайта қаралуы кері жағдайда талап етілуі мүмкін ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеліп соқтыратын шарт талаптары өзгерген жағдайда ғана жасалады. Компанияның 2014 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған есепті кезеңдердің ішінде туынды құралдары болмады.

Дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмелігін немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылmas бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланудың негізіндегі амортизация ағымдағы жылдың қаржылық кірістерінің құрамына қосылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар құнсыздану негізделген кезеңде қаржылық шығыстардың құрамында мойындалады.

##### *Ақша қаражаты мен оның бағамалары*

Ақша қаражаты мен оның бағамаларына кассадағы қолма-кол ақша, талап еткенге дейінгі салымдарда орналасқан қаражат, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан артық болмайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділік жоғары инвестициялар жатады.

Қаржылық жағдай туралы есептегі банктердегі қысқа мерзімді салымдардың үш айдан бір жылға дейін бастапқы өтеу мерзімі бар.

Тіркелген немесе айқындалатын төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Компания оларды өтеу мерзіміне дейін тиянақты түрде ұстап қалуға ниет білдіргендеге және соган қабілетті болғанда, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестицияларды бастапқы бағалаудан кейін құнсызданудан келген шығындарды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы белгіленетін өтелімдік құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылmas бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржыландырудан болған кірістер құрамына енгізіледі. Құнсызданумен негізделген шығыстар қаржыландыру бойынша шығындар құрамында танылады. Компанияның 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған есепті кезеңдердің ішінде өтеуге дейін ұсталатын инвестициялары болмады.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары үлестік және борыштық бағалы қағаздарды қамтиды. Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік инвестициялар – саудаға арналған деп те, сол сияқты пайдада немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп те жіктелмеген инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – компания белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар. Компанияның 2014 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдерде сатуға арналған инвестициялары болмады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржы активтері (жалғасы)

##### *Мойындауды тоқтату*

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда баланста танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тараңқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бергенде, не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бермегендे және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзит келісімін жасаса және бұл ретте активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе, жаңа актив Компания берілген активте өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады.

Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындаиды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құнының немесе төленуі Компаниядан талап етілуі мүмкін ең көп сома.

##### *Қаржы активтерінің құнсыздандыру*

Әрбір есепті қүнге Компания қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздандынуының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқыға (орын алған «шығынның туында жағдайы») нәтижесінде құнсыздандың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаржаты ағындарына әсер етті.

##### *Қаржы активтерінің құнсыздандыру*

Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қыншылықтар көріп отырганын көрсетуді, өзінің қарызын етей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын телеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге турде қаржылық қайта үйимдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды. Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауга болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады. Бұрын мойындалған резервті қалпына келтіру резервтегі азаю ол мойындалғаннан кейінгі оқигалармен тікелей байланысты. Шығынның құнсыздандыдан осылайша қалпына келуі кіріс ретінде мойындалады.

##### *Қаржылық міндеттемелер*

###### *Бастапқы тану және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян; несиeler мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар мен несиeler болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады. Компанияның қаржылық міндеттемесіне кредиторлық берешек пен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер кіреді.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және баска да кредиторлық берешек, қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер кіреді.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

#### Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

##### *Одан кейінгі бағалау*

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне байлайша тәуелді болады:

«Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Саудалауга арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Компанияның пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындалған қаржылық міндеттемелері жоқ.

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды төқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептелеңді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

##### *Кредиторлық берешек*

Бұл санат Компания үшін барынша маңызды болып табылады. Кредиторлық берешек бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

##### *Мойындауды тоқтату*

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер колданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол несие берушінің алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер колданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгерілісе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құндындағы айырмасы пайда мен зиян арқылы мойындалады.

##### *Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы*

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сэтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге зангерлік күккүй болғандаған қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылуы тиіс.

##### *Корлар*

Корлар орташа алынған құнның әдісі бойынша ескеріледі. Тауар-материалдық корлар өзіндік құнның ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша бағаланған. Өзіндік құн корларды жеткізуға және ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты шығындарды қамтиды. Тауар-материалдық корларды өткізуіндік таза құны мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, болжамды өткізу бағасына негізделеді.

Одан кейінгі іске асыру үшін интернет-порталдарды құру барысында тікелей болған шығыстар олардың өзіндік құннына қосылып, корлардың құрамында көрсетіледі.

## **ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)**

#### **Резервтер**

Қаржылық есептіліктері резервтер Компанияның өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибелден туындаған) міндеттемесі болғанда, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде мойындалады. Егер Компания резерв өтеледі деп қүтетін болса, оның өтелуі тек сөзсіз болып табылған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде көрсетіледі.

#### **Түсімді тану**

Егер Компанияның экономикалық пайданы алуды ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынса, түсім мойындалады. Түсім шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып, алынған немесе алынуга жататын сыйакының әділ құны бойынша бағаланады. Топ түсімді алуды көздейтін барлық жасалған шарттар бойынша принципал ретінде болады, өйткені барлық жағдайларда да ол шарт бойынша өз мойынна міндеттемелер алған негізгі тарап болып табылады, баға белгілеуге қатысты іс-қимыл жасау еркіндігіне ие және қорлардың құнсыздану тәуекеліне және несиелік тәуекелге үшірағыш-болады.

Түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

#### **Қызметтер көрсету**

Көрсетілген қызметтерден түскен кірістер қызметтерді көрсету сәтіне танылады.

#### **Пайыздық кіріс**

Кіріс пайыздардың есептелуіне қарай мойындалады (қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің ішінде күтілетін келешек ақша ағындарын қаржы активінің таза баланстық құнына әкелетін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша).

#### **Шығыстарды мойындау**

Шығыстар пайда болу сәтіне танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

#### **Жалдау**

##### ***Қаржылық жалдау – Компания жалдаушы ретінде***

Компанияга жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталданады немесе егер бұл сома аз болып қалса, ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады. Жалдау төлемдері қаржыландыру бойынша шығындар мен міндеттеменің өтмелеген сомасына тұрақты пайыз мөлшерлемесі болатындей етіп жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомаларының азауы арасында бөлінеді. Қаржыландыру шығындары тікелей жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Жалға алынған актив оның пайдалы қызмет ету кезеңінің ішінде амортизацияланады. Дегенмен, егер Компанияга жалдау мерзімінің соңында активке деген меншік құқығы өтетіндігіне негізделген сенімділік болмаса, актив келесі кезеңдердің ең қысқа кезеңінің ішінде амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімі мен жалдау мерзімі.

##### ***Операциялық жалдау – Компания жалдаушы ретінде***

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы есепте барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ЕЛЕУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

#### Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заннамасы, – бұл есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен зандар.

Тікелей капитал құрамында мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Басшылық соған қатысты тиісті салық заннамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

#### Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвиді немесе активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындейды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес және қауымдасқан компанияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына және уақыт айырмаларын түзету уақытын бақылауға болатын және уақыт айырмалары таяу арада түзетілмейді деген ықтималдылық болған жағдайлардан басқа, бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестеріне байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуды мүмкін салық салынатын пайда болады деген ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінгі қалдырылған салық активі компанияларды біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе зиянға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда;
- еншілес ұйымдар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметкес қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтارлықтай ықтималдылық бар дәрежедеған мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті болашақта салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген әдіс үшін ықтималдылық туындаған дәрежедеған мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заннамасының) негізінде актив откізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті кезеңде қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУУЛІ АСПЕКТИЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)**

#### **Кейінге қалдырылған табыс салығы (жалғасы)**

Табыс немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық табыс немесе шығын құрамында мойындалмайды. Кейінге қалдырылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жынытық зиянның құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер, егер зані түрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

#### **Капитал**

##### *Жарғылық капитал*

Кәсіпорындарды біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тарараптардың қызметтерін төлеуге жұмысалған шығындар осы эмиссияның нәтижесінде алынған соманың азауы ретінде меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы эмиссиялық кіріс ретінде бейнеленеді.

##### *Резервтік капитал*

Резервтік капитал Компания Акционерінің шешімі бойынша құрылады. Бұл резерв Акционерге бөлінбейді.

##### *Акционерге арналған дивидендер*

Компания бөлу бекітілген және Компанияның қарастау мәні болып табылмайтын және акционер бекіткен жағдайларда акша қаражатын бөлуге қатысты міндеттемені мойындалады. Тиісті сома тікелей капитал құрамында мойындалады.

##### **Байланысты тарараптармен мәмілелер туралы ақпаратты ашу**

Байланысты тарараптарға Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кәсіпорындар, сондай-ақ Компанияның, ері оның негізгі басқарушы қызметкерлеріне елеулі дауыс беру үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі болатын ұйымның, Акционердің, жалпы бақылау астындағы ұйымның негізгі басқарушы қызметкерлері кіреді (25-ескертте).

##### **Шартты міндеттемелер мен шартты активтер**

Шартты активтер қаржылық есептілікте танылмайды, ейткені бұл ешқашан іске асырылмайтын кірістің көрсетілуіне әкеліп соқтыра алады. Дегенмен, кірістің іске асырылуында толық сенімділік болған жағдайда, тиісті актив бұдан былай шартты болып есептелмейді және лайықты турде ескеріледі.

Компания «толық сенімділікті» жоғары айқындылық дәрежесі бар оқига ретінде айқындаиды.

Шартты міндеттемелер, егер экономикалық пайда алумен шектес ресурстардың кету мүмкіндігі анық болғанда, ғана ашылады.

##### **Есепті күннен кейінгі оқигалар**

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және есепті күнге болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқигалар (түзетуші оқигалар) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқигалар болып табылмайтын оқигалар, егер олар мәнді болса, есептілікке арналған ескертпелерде ашылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)

### **4. МАНЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР**

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және қаржылық есептілікті дайындау күніне шартты активтер мен міндеттемелердің ашылып көрсетілуіне әсер ететін бағалаулар мен жорамалдар, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерді, міндеттемелерді, кірістерді, шығыстарды және шартты активтер мен есепті кезең ішіндегі міндеттемелерді пайдалануды басшылықтың пайдалануын талап етеді. Ең маңызды жорамалдар теменде қарастырылады:

#### **Салық салу**

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық, егер салық органдары қосымша салықтарды есептесе, Компания дауласа алмайтын немесе ол сәтті дауласа аламын деп есептемейтін салық заңнамасын орындаудың ықтимал аялары ретінде қарастырады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, салық талқылауларынан өзі күттін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

Компания басшылығы шаруашылық қызметінің барысында салық заңнамасының елеулі бұзушылықтары болмады деп есептейді.

#### **Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер**

Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив салық салынатын уақытша айырмалар мен осындашынан шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндегі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінгі қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

#### **Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі**

Компания негізгі құралдар объектілерінің қалған пайдалы қызмет мерзімін, кем дегендеге әрбір есепті жылдың соына бағалайды. Егер күтілген жағдайлар бұрынғы бағалаулардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХБЕС «Есеп саясаты, есепті бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Мұндай бағалаулар негізгі құралдардың баланстық құнына және жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген амортизацияға елеулі ықпал етуі мүмкін.

#### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Егер ақша ағындарын жасайтын активтің немесе бөлімшениң тенгерімдік құны мынадай шамалардың ең үлкені болып табылатын оның өтелетін құнынан асып кетсе, құнсыздану орын алады: сатуға арналған шығынды шегергендеңдегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық. Сатуға жұмысалған шығындарды шегергендеңдегі әділ құнның есебі үқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген.

Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Компанияның жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жок қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшениң құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақша қаржакатының күтілетін ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал.

2014 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына Компания қаржылық емес активтер құнсыздануының қандай да бір белгілері жок екендігін анықтады.

#### **Әзірлеу шығындары**

Әзірлеу шығындары Компанияның есеп саясатына сәйкес капиталданады. Шығындардың бастапқы капиталдануы басшылықтың технологиялық және экономикалық жүзеге асырылуы, әдетте, әзірлеу жобасы жобаларды жүзеге асырудың белгіленген үлгісіне сәйкес белгілі бір сатыға жеткен кезде расталғандығы жөніндегі пайымдауына негізделеді. Капиталдануы мүмкін сомаларды анықтау үшін басшылық жобадан болатын күтілетін келешек ақша ағындарына, қолданылатын дисконттау мөлшерлемелеріне және пайданы алудың күтілетін мерзіміне қатысты жорамалдарды қабылдайды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әзірлеуге арналған капиталданған шығындардың баланстық құны нөл теңге (2014 жылғы 26.720 мың теңге) болды (6-ескертпе).

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 4. МАНЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

#### Күмәнді берешек бойынша резерв

Компания күмәнді дебиторлық берешектің құнсыздануы бойынша резервтерді мойындаиды. Күмәнді борыштарды бағалау үшін Компания дебитордың өткен және болжамды белсенділігін талдауға негізделетін пайымдауды қолданады. Экономикадағы, қызмет аясындағы немесе дебитор қызмет етегін таланттардағы жалпы езгерістер қаржылық есептіліктегі көрсетілген дебиторлық берешектің құнсыздану резервінде түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін.

#### «E-learning электрондық оқыту жүйесі» жобасы бойынша активтер мен міндеттемелердің жіктелуі

Компания Қазақстан Республикасының Білім беру және Ғылым министрлігінен 4.774.712 мың теңге жалпы сомаға болған дебиторлық берешекті қысқа мерзімді деп жікtedі, өйткені Компания басшылығы бұл берешек есепті күннен бастап он екі айлық кезең ішінде өтеделі деп күтеді (*10-ескертпе*).

Қурал-жабдықтарды жеткізу және бұл жоба шенберіндегі қызмет көрсету шарттарының талаптарына сай Компания өнім жеткізушілердің ақысын Қазақстан Республикасының Білім беру және Ғылым Министрлігі дебиторлық берешекті өтегеннен кейін ғана төлейді. Осылайша, 4.324.392 мың теңге сомаға кредиторлық берешек қысқа мерзімді кредиторлық берешек ретінде жіктелген (*16-ескертпе*).

#### Қаржылық жалдау – Компания жалдаушы ретінде

Компания жалдаушы ретінде қаржылық жалдау шартын жасады. Компания жалдау шарты бойынша менишік құқығы шарт аяқталғаннан кейін өтетіндігін айқындағы және меншік құқығына байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайданы береді және тиісінше, Компания осы шартқа қаржылық жалдау шарттары үшін айқындалған есепке алу тәргібін қолданады.

#### Жалға алынатын үй-жайды жақсарту бойынша шығындарды капиталдандау

2015 жылы Компания жалға алынған үй-жайды жақсарту шығындарын кетермеді. 2014 жылы Компания 59.955 мың теңге сомасына жалға алынатын үй-жайды жақсарту шығындарын капиталдандауды. Жақсарту көрсету залын үйымдастыруды және холл үй-жайын Open Space («ашық кеңістік») стандартына келтіруді білдіреді. Бұл шығындар келешек кезеңдердің шығыстары деп танылған және капиталдандаудын жақсартулардың пайдалы қызмет етуінің ең аз мерзімінің және жалдаудың ең аз мерзімінің ішінде амортизацияланады. Компания басшылығы мұндай активтерден экономикалық пайданы алу ықтималдылығын жоғары деп есептеп, оларды сенімді бағалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. НЕГІЗГІ ҚУРАЛДАР

Мың тенге мен	Жер	Үйлер мен ғимараттар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Аяқталма- ған құрылым	Басқа	Жиыны
<b>Бастапқы құн</b>							
<b>2014 жылдың</b>							
<b>1 қаңтарына</b>	<b>23.179</b>	<b>569.027</b>	<b>2.767.093</b>	<b>218.730</b>	<b>871.913</b>	<b>96.943</b>	<b>4.546.885</b>
Түсімдер	1.306	111.132	2.020.342	71.264	48.141	54.135	2.306.320
Аударымдар	—	127.151	775.122	—	(902.273)	—	—
Шығулар	—	—	(107.751)	—	—	(3.841)	(111.592)
Материалдық емес активтерге аударымдар	—	—	—	(27.135)	—	—	(27.135)
<b>2014 жылғы</b>							
<b>31 желтоқсанға</b>	<b>24.485</b>	<b>807.310</b>	<b>5.454.806</b>	<b>262.859</b>	<b>17.781</b>	<b>147.237</b>	<b>6.714.478</b>
Түсімдер	485	311	285.799	47.620	200.751	36.079	571.045
Аударымдар	—	58.174	160.358	—	(218.532)	—	—
Шығулар	—	—	(81.758)	—	—	(15.785)	(97.543)
Сатуға арналған активтерге аударымдар	—	—	—	(5.760)	—	—	(5.760)
<b>2015 жылдың</b>							
<b>31 желтоқсанына</b>	<b>24.970</b>	<b>865.795</b>	<b>5.819.205</b>	<b>304.719</b>	<b>—</b>	<b>167.531</b>	<b>7.182.220</b>
<b>Тозу және құнсыздану</b>							
<b>2014 жылдың</b>							
<b>1 қаңтарына</b>	<b>—</b>	<b>26.330</b>	<b>846.322</b>	<b>98.135</b>	<b>—</b>	<b>42.006</b>	<b>1.012.793</b>
Бір жылға есептеу	—	—	540.118	26.242	—	20.875	587.235
Шығулар	—	—	(91.623)	—	—	(4.699)	(96.322)
Сатуға арналған активтерге аударымдар	—	—	—	(27.135)	—	—	(27.135)
<b>2014 жылғы</b>							
<b>31 желтоқсанға</b>	<b>—</b>	<b>26.330</b>	<b>1.294.817</b>	<b>97.242</b>	<b>—</b>	<b>58.182</b>	<b>1.476.571</b>
Бір жылға есептеу	—	21.119	620.292	33.730	—	19.397	694.538
Шығулар	—	—	(80.027)	—	—	(13.307)	(93.334)
Сатуға арналған активтерге аударымдар	—	—	—	(5.760)	—	—	(5.760)
Құнсыздану	—	—	7.800	—	—	—	7.800
<b>2015 жылдың</b>							
<b>31 желтоқсанына</b>	<b>—</b>	<b>47.449</b>	<b>1.842.882</b>	<b>125.212</b>	<b>—</b>	<b>64.272</b>	<b>2.079.815</b>
<b>Қалдық құны</b>							
<b>2015 жылдың</b>							
<b>31 желтоқсанына</b>	<b>24.970</b>	<b>818.346</b>	<b>3.976.323</b>	<b>179.507</b>	<b>—</b>	<b>103.259</b>	<b>5.102.405</b>
<b>2014 жылғы</b>							
<b>31 желтоқсанға</b>	<b>24.485</b>	<b>780.980</b>	<b>4.159.989</b>	<b>165.617</b>	<b>17.781</b>	<b>89.055</b>	<b>5.237.907</b>

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың акпараттық ресурстары мен жүйелерінің қызмет етуінің тиімділігін арттыру мақсатында «Мемлекеттік органдарға хостинг қызметтерін көрсетуге арналған серверлік интернет-платформаны құру» жобасы толығымен аяқталды. 2015 жылдың ішінде жалпы құны 218.532 мың тенге болатын жобаға қатысты деректерді өндөу бойынша бір орталық пайдалануға берілді (2014 жылы: деректерді өндөу бойынша жеті орталық пайдалануға берілді).

Компания 2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жалдау шарты бойынша пайдаланатын негізгі құралдардың баланстық құны 132.266 мың тенге (2014 жылы: 160.019 мың тенге) болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 6. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Мың тенге	Өзірлеу шығындары	Лицензиялар	Бағдарлама-лық жасақтама	Жынысы
<b>Күні</b>				
2014 жылдың 1 қантарына	65.514	202.274	481.951	749.739
Өсім – Компанияның ішіндегі әзірлеулер	37.980	–	–	37.980
Түсім	–	11.593	257.222	268.815
Аударымдар	(76.774)	–	76.774	–
2014 жылдың 31 желтоқсанына	26.720	213.867	815.947	1.056.534
Түсім	–	2.204	4.976	7.180
Есептен шыгару	(26.720)	–	–	(26.720)
Басқа да түзетулер	–	(2.415)	(197)	(2.612)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	–	213.656	820.726	1.034.382
<b>Амортизация және күнсиздану</b>				
2014 жылдың 1 қантарына	–	50.902	217.363	268.265
Бір жылға есептеу	–	42.299	119.953	162.252
2014 жылдың 31 желтоқсанына	–	93.201	337.316	430.517
Бір жылға есептеу	–	37.591	156.128	193.719
Басқа да түзетулер	–	(2.534)	(208)	(2.742)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	–	128.258	493.236	621.494
<b>Қалдық күні</b>				
2015 жылдың 31 желтоқсанына	–	85.398	327.490	412.888
2014 жылдың 31 желтоқсанына	26.720	120.666	478.631	626.017

2015 жылдың ішінде Компания бұл жобаның іске асырылуының тоқтата тұрылуына орай 26.720 мың тенге сомасында «Электрондық Үкіметтің резервтік алаңы» жобасы бойынша әзірлеу шығындарын есептен шыгарды (2014 жылы: нөл).

## 7. БАНКТІК САЛЫМДАР

Мың тенге	31 желтоқсанда	
	2015 жыл	2014 жыл
Банктердегі салымдар	3.410.771	2.345.520
Салымдар бойынша пайыздар	34.633	17.885
	3.445.404	2.363.405

2015 жылдың 31 желтоқсанына банктердегі қысқа мерзімді салымдар жылдық – 9,1% (2014 жылы: 7,3%) сыйақы мөлшерлемелерімен тенгемен көрсетілген 3 айдан 12 айға дейінгі мерзіммен қазақстандық банктердің депозиттік шоттарында орналастырылған ақша қаржатын білдірді.

## 8. КЕЛЕШЕК КЕЗЕҢДЕРДІҢ ШЫҒЫСТАРЫ

2010 жылы «Серверлік орталықты технологиялық жабдықтау» жобасының екінші кезеңін іске асыру мақсатында Компания 433.680 мың тенге сомасына жалға алынатын үй-жайда құрылым-монтаж жұмыстары бойынша шығыстарды көтерді. Амортизация сомасы тікжелілік әдіспен есептеледі.

Мың тенге	31 желтоқсанда	
	2015 жыл	2014 жыл
Жалға алынатын үй-жайдың құрылым-монтаж жұмыстары бойынша шығыстар	213.602	218.915
Түсімдер	–	59.955
Амортизация (20-ескертпе)	(81.826)	(65.268)
	131.776	213.602
Минусы: келешек кезеңдер шығыстарының ағымдағы белгі (12-ескертпе)	(81.824)	(80.943)
	49.952	132.659

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****9. ҚОРЛАР**

<u>Мың теңгемен</u>	<u>31 желтоқсанда</u>	
	<u>2015 жыл</u>	<u>2014 жыл</u>
Отын	30.872	40.783
Шикізат пен материалдар	23.183	37.013
Қосалқы бөлшектер	22.542	18.223
Жарнама өнімі	4.176	5.949
Басқа да материалдар	10.734	8.780
	91.507	110.748
<b>Минусы: өтпейтін қорлар бойынша резерв</b>	<b>(26.550)</b>	<b>(11.638)</b>
	<b>64.957</b>	<b>99.110</b>

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін өтпейтін қорлар бойынша резервтің қозғалысы былайша көрсетілген:

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2015 жыл</u>	<u>2014 жыл</u>
<b>1 қантарға</b>	<b>11.638</b>	<b>15.551</b>
Бір жылға есептеу	15.677	—
Есептен шыгару	(765)	(2.442)
Қалпына келтіру	—	(1.471)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>26.550</b>	<b>11.638</b>

**10. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

<u>Мың теңгемен</u>	<u>31 желтоқсанда</u>	
	<u>2015 жыл</u>	<u>2014 жыл</u>
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	4.911.925	9.753.980
<b>Минусы: күмәнді борыштар бойынша резерв</b>	<b>(49.880)</b>	<b>(50.379)</b>
	<b>4.862.045</b>	<b>9.703.601</b>
<b>Минусы: дебиторлық берешектің ағымдағы бөлігі</b>	<b>4.862.129</b>	<b>52.189</b>
<b>Минусы: күмәнді берешек бойынша резервтің ағымдағы бөлігі</b>	<b>(259)</b>	<b>—</b>
	<b>175</b>	<b>9.651.412</b>

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі 4.900.613 мың теңге болды (25-ескертпе).

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін күмәнді борыштар бойынша резервтің қозғалысы былайша көрсетілген:

<u>Мың теңгемен</u>	<u>2015 жыл</u>	<u>2014 жыл</u>
<b>1 қантарға</b>	<b>50.379</b>	<b>1.102</b>
Бір жылға есептеу	62	49.504
Өтелген резерв	(501)	—
Есептен шыгару	(60)	(227)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>49.880</b>	<b>50.379</b>

31 желтоқсанда өтеу мерзімдері бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешекті талдау былайша берілген:

<u>Мың теңгемен</u>	<u>Жиыны</u>	<u>Мерзімі өтпеген, күнсyzдан баган</u>	<u>Мерзімі өткен, бірақ қунсыздanбаган</u>				
			<u>&lt; 30 күн</u>	<u>30-60 күн</u>	<u>60-90 күн</u>	<u>90-120 күн</u>	<u>&gt; 120 күн</u>
2015 жыл	4.862.045	85.277	—	1.349	377	332	4.774.710
2014 жыл	9.703.601	23.551	—	21.393	3.489	154	9.655.014

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)****11. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ**

Мың тенгемен	31 желтоқсанға	
	2015 жыл	2014 жыл
Пайдаланылуы шектелген депозит шоттарындағы тенгемен ақша қаржаты	34.570	367.855
Кепілдік төлемдері	32.205	9.010
Қызметкерлерге берілген қарыздар	549	5.479
Басқа	277	-
	<b>67.601</b>	<b>382.344</b>

Пайдаланылуы шектелген пайызызы депозит шоттарындағы ақша қаржаты Компанияның шарттық және тендерлік міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін банк кепілдіктерін білдіреді.

**12. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР**

Мың тенгемен	31 желтоқсанда	
	2015 жыл	2014 жыл
Келешек кезеңдердің шығыстары	202.722	174.374
Жұмыскерлердің берешегі	913	2.950
Басқа	4.365	3.980
	<b>208.000</b>	<b>181.304</b>

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келешек кезеңдердің шығыстарына 81.824 мың теңге және тиісінше 80.943 мың теңге сомасындағы құрылым-монтаждау жұмыстары үшін келешек кезеңдердің үзак мерзімді шығыстарының ағымдағы бөлігі кіреді (8-ескертпе).

**13. АҚША ҚАРАЖАТАМЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаржаты мен оның баламалары тенгемен көрсетілген және пайызызы болып табылатын ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаржатымен білдірілген.

**14. КАПИТАЛ****Жарғылық капитал**

Жарияланған, шығарылған және айналыстағы жай акциялардың жалпы санына мыналар кіреді:

	Шығарылған акциялардың саны	Төленген акциялардың саны	Акционерлік капитал, мың теңге
2014 жылғы 31 желтоқсанға	5.082.491	5.082.490	5.082.490
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>5.082.491</b>	<b>5.082.490</b>	<b>5.082.490</b>

2015 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның жарияланған жай акцияларының саны 5.082.491 акция болды (2014 жылы: 5.082.491 акция).

**Резервтік капитал**

Резервтік капитал Акционерге бөлінуге жатпайтын бөлінбекен пайданың бір бөлігін білдіреді.

**Дивидендтер**

2015 жылдың ішінде Компания 5.082.491 жай акция есебінен 600.000 мың теңге жалпы сомаға акцияга 118.05 теңге мөлшерінде дивидендтерді жариялад, төледі (2014 жылы: 4.029.491 жай акция есебінен 500.000 мың теңге жалпы сомаға акцияға 124.09 теңге).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ**

2013 жылы Компания серверлік жабдықты қаржылық жалдау шартын жасады. Шарт талаптарына сай жалға алынатын активтер Компанияның меншігіне жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін өтеді. Қаржылық жалдау шарты бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 7% құрады. Бастапқы мойындау кезінде қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер 297.211 мың теңгені құрады. 2015 жылы 37.151 мың теңге сомасында (2014 жылы: 37.151 мың теңге) қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер төленді.

Келешек ен аз жалдау төлемдерінің сомасы мен олардың дисконтталған құныбы лайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2015 жыл		2014 жыл	
	Ең аз жалдау төлемдері	Ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны	Ең аз жалдау төлемдері	Ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны
Бір жыл ішінде	42.353	40.521	44.953	42.206
Бір жылдан бес жылға дейін	39.752	37.151	82.105	74.303
<u>Минусы: қаржы шығындарын білдіретін сомалар</u>	(4.432)	—	(10.549)	—
<b>Ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны</b>	<b>77.673</b>	<b>77.672</b>	<b>116.509</b>	<b>116.509</b>
<b>Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сомалар</b>	—	(40.521)	—	(42.206)
<b>12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар</b>	<b>—</b>	<b>37.151</b>	<b>—</b>	<b>74.303</b>

**16. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешек теңгемен көрсетілген.

Мың теңгемен	31 желтоқсанда	
	2015 жыл	2014 жыл
Тауарлар мен қызметтерді жеткізу бойынша берешек	4.948.738	9.495.790
<u>Негізгі құралдарды жеткізу бойынша берешек</u>	66.213	1.100.109
	5.014.951	10.595.899
<b>Минусы: ағымдағы бөлік</b>	<b>(5.014.951)</b>	<b>(1.813.627)</b>
	—	8.782.272

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4.324.392 мың теңге жалпы сомадағы кредиторлық берешек Білім беру және ғылым министрлігі үшін «E-learning электрондық оқыту жүйесі» жобасын іске асыру шеңберінде сатып алғынған қызметтер үшін «Логиком» АҚ, «Bilim Media Group» ЖШС, «Қазактелеком» АҚ мен басқа да өнім жеткізушілердің алдындағы берешекпен білдірілген. Бұл өнім жеткізушілермен жасалған шарттарға сай Компания езінің алдындағы дебиторлық берешекті етеуге бағытталатын бюджет қаржатының бөліну шамасына қарай өз берешегін өтеп отырады (10, 25-ескертке).

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына кредиторлық берешекке пайыздар есептелген жоқ.

**17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АЛДЫНДАҒЫ БЕРЕШЕК**

Мың теңгемен	31 желтоқсанда	
	2015 жыл	2014 жыл
Пайдаланылмаған демалыстар, сыйлықақылар мен соларға байланысты салықтар бойынша резерв	238.964	175.036
<u>Жалақы бойынша берешек</u>	530	40.613
	239.494	215.649

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛКЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****18. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Мың тенге	31 желтоқсанда	
	2015 жыл	2014 жыл
Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер	31.004	45.835
Салықтар бойынша резерв	18.817	38.623
Төлемге дербес табыс салығы	15.393	42.285
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	10.681	10.968
Әлеуметтік салық	—	4.180
Басқа	9.988	914
	<b>85.883</b>	<b>142.805</b>

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да ағымдагы міндеттемелерге пайыздар есептелмегі және тенгемен болды.

**19. ТҮСІМ**

Мың тенге	2015 жыл	2014 жыл
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті ММ жобаларына мониторинг жасау (25-ескертпе)	4.809.082	4.842.418
Компьютерлік жасақтаманы техникалық қолдау және ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу	4.224.760	4.287.418
Мемлекеттік кірістер және Қазақстан Республикасының Білім беру және ғылым министрлігіне көрсетілген жүйелік техникалық қызметтер	1.498.970	1.327.805
	<b>10.532.812</b>	<b>10.457.641</b>

**20. САТЫЛҒАН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ**

Мың тенге	2015 жыл	2014 жыл
Жалақы және соған байланысты салықтар	3.441.099	3.234.484
Техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	2.424.551	2.740.019
Тозу және амортизация	879.256	725.319
Жалдау шығыстары	269.757	242.751
Коммуналдық қызметтер	250.891	197.138
Лицензиялық бағдарламалық жасақтаманы жалдау	217.596	89.570
Байланыс қызметтері	211.196	157.244
Пайдаланылмаған демалыстар, сыйлықақылар мен соларға байланысты салықтардың резерві бойынша шығыстар	183.784	124.694
Материалдар	101.240	69.140
Іссапар шығыстары	96.693	142.021
Келешек кезеңдердің шығыстарын амортизациялау (8-ескертпе)	81.826	65.268
Қызметкерлер құрамын оқыту	27.876	52.901
Кеңес беру және ақпараттық қызметтер	23.390	16.109
Басқа да шығыстар	430.544	427.070
	<b>8.639.699</b>	<b>8.283.728</b>

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****21. ӘКІМШІЛК ШЫҒЫСТАР**

<i>Мың теңгемен</i>	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Жалақы және соған байланысты салықтар	475.912	413.338
Айыппұлдар, есімпұлдар мен тұрақсыздық айыптары	45.162	37
Пайдаланымаган демалыстар, сыйлықақылар мен соларға байланысты салықтардың резерві бойынша шығыстар	24.665	34.925
Жалдау шығыстары	23.679	18.073
Әлеуметтік іс-шараларды өткізу шығыстары	18.320	54.424
Демеушілік көмегі	16.754	31.050
Банктік қызметтер	16.365	17.372
Күмәнді дебиторлық берешек, өтпейтін қорлар мен берілген аванстардың құнсыздандыны бойынша резерв шығыстары	14.912	49.504
Коммуналдық шығыстар	12.261	10.386
Іссапар шығыстары	9.810	9.428
Аудиторлық және кеңес беру шығыстары	9.018	42.726
Тозу және амортизация	9.000	23.624
Материалдар	8.854	10.145
Әкілдік шығыстары	8.672	7.643
Табыс салығынан басқа салықтар	7.354	3.327
Қызметкерлер құрамын оқыту	4.730	6.592
Көлік шығыстары	1.953	2.390
Телекоммуникациялық шығыстар	1.100	1.456
Басқа да шығыстар	33.288	38.886
	741.809	775.326

**22. САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

<i>Мың теңгемен</i>	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Материалдар	13.979	38.839
Жарнама шығыстары	10.220	11.713
Басқа	—	62
	24.199	50.614

**23. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР**

2015 және 2014 жылдардағы қаржылық кіріс банк салымдары бойынша пайыздық кірісті білдіреді (7-ескертпен).

**24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген

<i>Мың теңгемен</i>	<i>2015 жыл</i>	<i>2014 жыл</i>
Ағымдағы табыс салығы	236.893	161.912
Алдыңғы кезеңдердің ағымдағы корпоративтік табыс салығына қатысты түзетулер	176	21.711
Мерзімі үзартылған табыс салығы бойынша шығыстар	58.888	133.945
Табыс салығы бойынша шығыстар	295.957	317.568

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін ағымдағы табыс салығының шығыстарымен, 20% (2014 жылы: 20%) корпоративтік табыс салығының нормативтік мәлшерлемесі бойынша салық салынғанға дейінгі пайдаға колданылатын табыс салығы бойынша шығыстардың салыстырылып тексерілуі көрсетілген:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>1.358.892</b>	<b>1.440.228</b>
<b>Салықтың нормативтік мәлшерлемесі</b>	<b>20%</b>	<b>20%</b>
<b>Нормативтік салық мәлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығының теориялық шығыстары</b>	<b>271.778</b>	<b>288.046</b>
<b>Есептен шығарылмайтын шығыстар</b>	<b>24.179</b>	<b>29.522</b>
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>295.957</b>	<b>317.568</b>

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша (міндеттемедегі)/активтегі қозғалыс былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2015 жыл	Жиынтық кіріс туралы есепке жатқызылғаны	2014 жыл	Жиынтық кіріс туралы есепке жатқызылғаны	2013 жыл
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша (міндеттеме)/актив</b>					
Негізгі құраптар мен материалдық емес активтер	(272.859)	(74.223)	(198.636)	(138.622)	(60.014)
Пайдаланылмаған демалыстар мен сыйлықақылар бойынша резерв	47.793	12.785	35.008	(4.290)	39.298
Жарамсыз ТМҚ-ны есептен шығаруға арналған резерв	5.310	2.982	2.328	(782)	3.110
Күмәнді талаптар бойынша резерв	10.012	(64)	10.076	9.749	327
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді есептен шығаруға арналған резерв	—	(368)	368	—	368
<b>Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер жиыны</b>	<b>(209.744)</b>	<b>(58.888)</b>	<b>(150.856)</b>	<b>(133.945)</b>	<b>(16.911)</b>

**25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ**

Байланысты тараптарға Компанияның, бақылау астындағы, бірлескен бақылаудағы немесе айтарлықтай ықпал астындағы ұйымның немесе Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде елеулі дауыс беру үлесі тиесілі болатын ұйымдардың негізгі басқарушы қызметкерлері, Акционер және жалпы бақылау астындағы ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын басқа да кәсіпорындар мен ведомстволар кіреді.

Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)****25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)**

Келесі кестеде 2015 және 2014 жылдары байланысты тараптармен жасалған операциялардың жалпы сомасы және 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тиісті сальдо көрсетілген:

Мың теңгемен	Акционер	Акционердің бақылауындағы жалпы ұйымдар	Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын басқа да кәсіпорындар мен ведомстволар	
			Байланысты тараптардан болған кірістер	Байланысты тараптардан сатып алу
	2015	32.533	3.871	8.150.408
	2014	33.395	—	8.232.361
	2015	—	63.253	138.422
	2014	—	23.866	119.866
	2015	36.437	7.510	4.856.666
	2014	15.048	4.755	9.709.851
Байланысты тараптардың алдындағы берешек	2015	—	49.051	517.762
	2014	—	15.322	1.047.915

Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кәсіпорындар мен ведомстволардан түсken кірістер/берешек

Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кәсіпорындармен және ведомстволармен жасалған операциялар мемлекеттік деректер қорларын қуру, мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын қуру және «электрондық үкіметті», 4.809.082 мың теңге жалпы сомаға (2014 жылы: 4.842.418 мың теңге) (19-ескертке) «Мемлекеттік органдардың бірынгай электрондық құжат айналымы жүйесі» бағдарламалық жасақтаманы құру әрі сүйемелдеу бөлігінде ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің қызмет етуін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті ММ жобаларына мониторинг жүргізу қызметтерімен, 1.674.273 мың теңге (2014 жылы: 1.807.633 мың теңге) жалпы сомаға компьютерлік қамсыздандыруды техникалық колдау және КР Әділет министрлігіне, КР Қаржы министрлігіне, КР Қазынашылық комитетіне ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу бойынша қызметтермен және 1.407.688 мың теңге (2014 жылы: 732.754 мың теңге) сомасына Салық комитетіне көрсетілген қызметтермен бейнеленген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кәсіпорындар мен ведомстволардың берешегі, негізінен, «E-Learning электрондық оқыту жүйесі» жобасын іске асыру қызметтері үшін КР Білім беру және ғылым министрлігінің (бұдан әрі «КР БФМ») берешегімен білдірілген. Мұндай берешектен түсімдер өнім жеткізушілердің алдында кредиторлық берешекті өтеуге жолданады. 2014 жылы осы дебиторлық берешек бойынша Астана қаласының Сот актілерін орындау департаменті Компания пайdasына 9.650.821 мың теңгени өндіріп алу бойынша атқарушылық өндірісті ашты. 2015 жылы осы дебиторлық берешек 4.876.109 мың теңге мөлшерінде ішінара өтелді. Компания басшылығы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КР БФМ-нен 4.774.712 мың теңге мөлшерінде дебиторлық берешектің барлық сомасы өтелетін болып табылады және құнсызданбауы тиіс деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кәсіпорындар мен ведомстволар алдындағы берешек/сатып алушар

2015 жылы сатып алушар, негізінен, 95.727 мың теңге (2014 жылы: 80.592 мың теңге) жалпы сомаға «АП және ПРК РГП на ПХВ әкімшілік ғимараттар дирекциясы» АҚ-ның үй-жайларын жалдау қызметтерімен білдірілген.

2015 жылдың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешектің негізгі бөлігі 516.626 мың теңге (2014 жылы: 1.042.238 мың теңге) мөлшерінде «Қазақтелеком» АҚ-ның байланыс қызметтері үшін берешекті білдіреді.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### **25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)**

#### **Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйакы**

Негізгі басқарушы қызметкерлер 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 6 адамнан тұрады және оған Басқарма Төрағасы, Басқарма Төрағасының бес орынбасары кірді (2014 жылы: 7 адам). Қоса берілпіп отырган жиынтық кіріс туралы есептің жалпы және әкімшілік шығыстарына қосылған негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген жалпы сыйакы сомасы 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 71.610 мың тенгені (2014 жылы: 88.606 мың тенге) құрайды.

Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйакы қызмет нәтижелеріне негізделген келісімшарттар мен сыйакыларды белгіленген жалакы бойынша шығыстардан тұрады.

### **26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Компанияның негізгі қаржы құралдарына ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, дебиторлық және кредиторлық берешек, қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер жатады. Компанияның қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекел несиелік тәуекел болып табылады. Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін, нарықтық тәуекелді және оның қаржы құралдары бойынша туындайтын өтімділік тәуекелін қадағалаң отырады.

#### **Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Компания бизнес жоспарлау кезінде қарастырылатын нарықтық конъюнктураның теріс өзгеруінің салдарынан пайда болуы мүмкін келешек зияндарды кезең-кезеңмен бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

#### **Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – Компания қаржылық шығындарды көтереді деген тәуекел, өйткені қарсы агенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаіды. Компания, банк салымдары мен басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, ақша қаражатына, сауда дебиторлық берешекке және қаржылық қызметке қатысты оның операциялық қызметімен байланысты несиелік тәуекелге ұшырағыш.

#### **Сауда дебиторлық берешек**

Клиенттермен байланысты несиелік тәуекелді басқаруды әрбір операциялық белімше Компания клиенттермен байланысты несиелік тәуекелді басқару қатысты белгілеген саясатқа, процедураларга және бақылау жүйесіне сәйкес жүзеге асырады. Клиенттердің өтмелеген дебиторлық берешегінің тұрақты мониторингі жүзеге асырылады.

Құнсызданды мойындау қажеттілігі ірі клиенттер бойынша дербес негізде әрбір есепті күнге талданады. Компания сауда дебиторлық берешекке қатысты тәуекелдің шоғырлануын төмен деп бағалайды, өйткені оның клиенттері негізінен Компанияның қызметтерін Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі мемлекеттік жобалардың шенберінде сатып алатын Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кесіпорындар мен ведомстволар болып табылады.

Қарсы агенттер шарттарды орындаған жағдайда Компания келісім-шарттар құнының мөлшерінде залал көтере алған уақытта ол осы сияқты залалдардың пайда болуын күтпейді. Компания несиелік тәуекелге ұшыраған қаржы құралдарын қамтамасыз ету үшін кепілдіктерді талап етпейді.

#### **Ақша қаражаты және банктердегі салымдар**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына, банк салымдарына байланысты несиелік тәуекелге қатысты Компания тәуекелі қарсы агенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың баланстық құнына тең болады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****26. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Несиелік тәуекел (жалғасы)***Ақша қаражаты және банктердегі салымдар (жалғасы)*

Келесі кестеде «Standard and Poor's» және «Fitch» несиелік рейтингтердің белгілеулерін пайдалана отырып Компанияның есепті күнге банктердегі ақша қаражатының және қысқа мерзімді салымдарының сальdosы көрсетілген.

Банктер	Орналасқан жері	Рейтинг <sup>1</sup>		2015 жыл (8, 14-ескертпеле)	2014 жыл (8, 14-ескертпеле)
		2015 жыл	2014 жыл		
Банк Kassa Nova АҚ	Қазақстан	B/(теріс)	B/тұрақты	883.653	532.181
Банк Астаны АҚ	Қазақстан	B/(тұрақты)	B/(тұрақты)	800.000	-
AsiaCreditBank АҚ	Қазақстан	B/(тұрақты)	B/тұрақты/B	800.000	536.000
Банк РБК АҚ	Қазақстан	B-/(он)	B-/(он)	701.065	100.517
Цесна Банк АҚ	Қазақстан	B+/(тұрақты)	B+/(тұрақты)	106.259	55.250
Банк Центр Кредит АҚ	Қазақстан	B+/(тұрақты)	B+/тұрақты/B2	105.449	251.465
Казкоммерцбанк АҚ	Қазақстан	B/(тұрақты)	B/тұрақты/B	84.222	332.862
Альфа-банк АҚ ЕБ	Қазақстан	B+/(теріс)	B+/тұрақты/B	50.000	430.000
Халық банкі АҚ	Қазақстан	BB+/(теріс)	BB+/(тұрақты)/Ba2	3	6
Банк ВТБ АҚ	Қазақстан	BB/(теріс)	BВ/(теріс)	-	458.000
БТА Банк АҚ	Қазақстан	B3/(он)	-	-	1.363
				<b>3.530.651</b>	<b>2.697.644</b>

Қаржы институттарымен ақша қаражаты мен оның баламаларын орналастыру кезінде Компания басшылығы мұндай институттардың дефолт тәуекелдерін қадағалап отырады.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі Компания езінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде киындықтарға кездесуі мүмкіндігімен байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ күнінә жақын құн бойынша жедел сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар үнемі қадағаланып отырады және басшылық олардың туындауына қарай міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражаттың болуын қадағалап отырады. Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Компания ақшалай қаражаттардың тапшылық тәуекелдігіне бақылау жасайды. Клиенттерден дәл сол жоба бойынша түсімдермен бірге белгілі бір жобаның шенберінде сатып алынған қызметтер үшін кредиторлық берешектің акысын салыстыру арқылы қаржыландыру үздіксіздігі мен икемділік арасындағы балансты қолдау Компанияның мақсаты болып табылады.

Келесі кестеде осы міндеттемелерді өтеудің мерзімі болігінде Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша келісілген дисконтталмаган төлемдер туралы 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақпарат берілген.

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	3 айдан кем	астам	астам	астам	5 жылға дейін	Жиыны
			3 айдан артық, бірақ 12 айдан аспайтын	1 жылдан артық, бірақ 5 жылдан аспайтын			
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>							
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	-	-	40.521	41.584	-	82.105	
Кредиторлық берешек	-	5.014.951	-	-	-	5.014.951	
	-	5.014.951	40.521	41.584	-	5.097.056	
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>							
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	-	-	44.953	82.104	-	127.057	
Кредиторлық берешек	247.690	1.565.937	-	8.782.272	-	10.595.899	
	247.690	1.565.937	44.953	8.864.376	-	10.722.956	

<sup>1</sup> Дерек көзі: Investfunds – Қазақстан, тиесті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердің ресми сайттары.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### **26. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘҮЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)**

#### **Қаржы активтерінің әділ құны**

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына барлық қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең етіп бағаланады.

#### **Капиталды басқару**

Компанияның капиталын баскарудың бірінші кезектегі міндеті бизнестің стратегиясын қолдау және акциялардың құнын ұлғайту болып табылады.

Компания берешек пен капиталдың қаржылық жағдай туралы есепті оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша көбейтіп қызметтің үздіксіз болуын қолдан тұру үшін өз капиталын басқарады.

2015 жылдың 31 желтоқсанына Компания капиталының құрылымы 14-ескертпеде ашылып көрсетілгендей шығарылған капитал, қосымша төленген капитал, резервтік капитал және бөлінбеген пайда кіретін капиталдан тұрады.

### **27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

#### **Салық салу**

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындастын жағдайлар да аз емес. Қазақстанда қолданылатын заңдар негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін айыппулдар мен өсімақылар жүйесі біршама қатал. Айыппулдық ықпалшараға 2,5-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпүл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50% көлемінде болатын айыппулдар кіреді. Нәтижесінде, айппул мен өсімпүл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы қүнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда салық тексерулері будан да үзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіштылігіна орай салықтардың, айыппул санкциялары мен өсімпүлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2015 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық, 2015 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнаманы талқылауы лайыкты болып табылады және Компанияның салықтар бойынша ұстанымы расталады деп есептейді.

#### **Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму күйінде болып отыр, басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері жалпы Қазақстан Республикасында әлі де қол жетімсіз. Компанияның өндірістік ғимараттарға, өндірістік процестерге токтап қалуынан болатын залалдарға, сондай-ақ Компания объектілерінде немесе оның қызметтің барысында болған апарттардың нәтижесінде мүлікке немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікке қатысты толық сақтандыру өтемі жоқ. Компания баламалы сақтандыру өтемін алмайынша, кейбір активтердің бұзылу залалдарының және жоғалту тәуекелі болады, бұл Компанияның қызметіне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін.

#### **Сот шағымдары мен талаптары**

Компания әдеттегі қызметті жүзеге асыру барысында сот процестері мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылық түркі міндеттеме, егер мұндай процестерге немесе шағымдарға байланысты орын алса, Компанияның ағымдағы қаржы жағдайына, келешектегі жұмыс нәтижелеріне айтарлықтай теріс ықпал етпейді деп есептейді.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТЕЛЕР (жалғасы)

### **27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

**Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау бойынша Шот комитетін тексеру**

2014 жылғы 24 актанда «Республикалық бюджетті орындалуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитеті» ММ (бұдан әрі «Есеп комитеті») Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат агенттігі ММ-ге 2012 және 2013 жылдарға «Электрондық үкімет» шеңберінде халықты оқыту қызметтері», «Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің қызмет етуін қамтамасыз ету», «Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру», «Ақпараттық технологияларды қолдану бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызмет тиімділігін бағалау бойынша қызметтер», «Е-лицензиялау мемлекеттік деректер базасын дамыту» және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильді офисі» ақпарат жүйесін құру» бағдарламаларын іске асыруға республикалық бюджеттен белініп берілген қаражаттың тиімді пайдаланылуына бақылау жасаудың бастамашысы болды. 2014 жылғы 20 наурызда Есеп комитеті 48.453 мың теңге жалпы сомаға республикалық бюджетке өтелуге жататын анықталған құқық бұзушылықтармен Бақылау актісін ұсынды. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық бұл мәселеңі саралап, колайсыз нәтижені ықтимал деп бағалады және 38.430 мың теңге сомасына резервті қалыптастырды. 2014 жылдың ішінде Компания республикалық бюджетке 38.430 мың теңгегі өтеп берді. Сол уақытта, Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат агенттігі ММ мен Есеп комитеті арасындағы хат алмасулардың негізінде Компания басшылығы 10.023 мың теңге мөлшеріндегі сома Компанияның міндеттемесі болып табылмайды деген тұжырымға келді.

### **28. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕҢ КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

2016 жылғы 18 наурызда «E-Learning электрондық оқыту жүйесі» жобасының шеңберінде 4.774.712 мың теңге мөлшерінде КР БФМ-нен бүкіл дебиторлық берешек сомасы өтелді.